

«Тілектес» жалпы орта мектебі
Қатысканы: 30
Қатыспағаны: жоқ

29 тамыз 2022 жыл

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1.2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы және алдағы оқу жылындағы міндеттер.
2. Жаңа 2022-2023 оқу жылына арналған тапсырмалар, мектептің оқу жоспарын, мұғалімдердің апталық жүктемесін, аттестаттау комиссиясын бекіту, мектептің ішкі тәртібімен таныстыру.
3. 2022-2023 оқу жылына арналған мектептің оқу жұмыс жоспарын, мұғалімдердің апталық жүктемесін бекіту (вариативті сағаттардың бөлінуі), ақылы кабинет жетекшілерін, сынып жетекшілерін бекіту, аттестаттау комиссиясының құрамын қайта бекіту туралы.
4. Мектепте ұлдар мен қыздар ұйымының жұмысын жоспарлау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Ж.К.Ажитаев сөз алып былтырғы оқу жылы жақсы нәтижемен аяқталғаны туралы айта келе мұғалімдерге өз істеріне жауапкершілікпен қарап басталған жаңа оқу жылын да жақсы жетістіктермен, үздік нәтижемен аяқтау керек екенін айтып өтті және өткен оқу жылындағы жіберілген кемшіліктерге тоқтала келіп алдағы жылы сол кемшіліктерді жібермеу керектігін ескертті. Алдағы жаңа оқу жылының міндеттерімен таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша оқу орынбасары М.Аймырзаев 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырды және оқу жұмыс жоспарының құрылымы, мазмұны, нормативтік құжаттарға сәйкестігі туралы баяндама жасады. Жоспар ҚР «Білім туралы» Заңы, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, ҚР БҒМ нұсқаулық хаттары мен өзге де нормативтік құжаттар негізінде құрастырылғаны айтып өтті. Сөз сөйледі: А.Ошанова әдістемелік бірлестік жетекшісі – пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларының оқу жұмыс жоспарына сәйкестігі туралы ұсыныс айтты. Жаратылыстану бірлестік жетекшісі Г.Бейсекова жоспардың дұрыс түзілгенін айтып, қолдады.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Темирбаева Бибигүл 2022-2023 оқу жылында төмендегі мұғалімдер сынып жетекшілер болып бекітілсе деген ұсыныс жасады.

МАД	Байжұманова Салия
1-сынып	Баратова Салиха
2-сынып	Шакшанбаева Шұғыла
3- сынып	Мынбаева Маржан
4- сынып	Садыкова Гулжамила
5-сынып	Бейсекова Гулжамила
6- сынып	Омарова Рая
7- сынып	Үсіпбек Ордабек
8- сынып	Абишова Гулжан
9- сынып	Сейдалиева Нурила
10-сынып	Алишов Даурен
11- сынып	Нұрлыханов Бақыт

Ұсыныс бір ауыздан қабылданды.

Мектеп директоры Ж. Ажитаев 2022-2023 оқу жылындағы мектептің аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту керектігін айтты. Ұжым мүшелері кеңесе келе төмендегі мұғалімдерді ұсыныс жасады.

1. Аттестаттау комиссиясының төрағасы: Аймырзаев Маханбет Ахметович

Аттестаттау комиссиясының мүшелері:

1. Досымбетов Сапар Ирысқыбаевич – аттестаттау комиссия төрағасының орынбасары
2. Исмайл Айдана Сағынтайқызы – комиссия хатшысы
3. Ошанова Айтқаным Саветовна -- мүшесі;
4. Бейсекова Гулжамила -- мүшесі;

5. Шақшанбаева Шұғыла Муратовна – мүшесі;

Ұсыныс бір ауыздан қабылданды.

Үшінші мәселе бойынша оқу ісінің меңгерушісі М. Аймырзаев төмендегідей ұсыныс жасады. Мұғалімдерге пән кабинеттерінің безендірілуі мен олардағы заттардың дұрыс сақталуы жауапкершілігі жүктелсе.

К/с	Пән кабинеттерінің атауы	Кабинет меңгерушісі
1	Бастауыш 2-сынып	Шақшанбаева Шұғыла
2	Оқырмандар залы, Кітапхана	Өмірбай Әзиза
3	Қазақ тілі	Қосымова Айнур
4	Тарих	Досымбетов Сапар
5	Математика	Серікбаева Зулфия
6	Информатика	Абдыева Айгерім
7	АӘД	Қанаев Әмірбек
8	Орыс тілі	Мамытова Эльмира
9	Физика	Бейсекова Гулжамилә
10	Бастауыш 4-сынып	Садыкова Гулжамилә
11	Бастауыш 3-сынып	Мыңбаева Маржан
12	Бастауыш 1-сынып	Баратова Салиха
13	МАД сынып	Байжұманова Салия
14	Спорт зал	Рахман Жанғали
15	Ағылшын тілі	Сейдалиева Нурилла
16	Технология кабинет / Ұлдар/	Аймырзаев Маханбет
17	Технология кабинет/Қыздар/	Омарова Рая
18	Биология кабинет	Жолаева Ұлбала
19	Информатика	Аманкүл Бейбіт
20	Ас пісіру кабинет	Абишова Гулжан

Мектептің әдістемелік бірлестік жетекшісі болып оқу ісінің меңгерушісі М. Аймырзаевты пән бірлестік жетекшілері болып төмендегі мұғалімдер болса деген ұсыныс жасады.

1. Ошанова Айтқаным - гуманитарлық пән бірлестік жетекшісі
2. Бейсекова Гулжамилә - техникалық пәндер бірлестік жетекшісі
3. Шақшанбаева Шұғыла - бастауыш сынып бірлестік жетекшісі
4. Омарова Рая - сынып жетекшілер бірлестік жетекшісі

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директоры Ж. Ажитаев 2022-2023 оқу жылындағы Тарифтік комиссияға құрамын бекіту керектігін айтты. Ұжым мүшелері кеңесе келе төмендегі мұғалімдерді ұсыныс жасады

1. Аймырзаев Маханбет – төрағасы – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.
2. Исмайл Айдана – хатшы – мұғалім
3. Ошанова Айтқаным – мүшесі – мектеп мұғалімі
4. Шақшанбаева Шұғыла – мүшесі – мектеп мұғалімі
5. Бейсекова Гулжамилә – мүшесі - мектеп мұғалімі.

Мектептегі мөлтек аудан жұмыстары, қорғаншылық және қамқоршылық кеңесін бекіту туралы төмендегідей ұсыныс түсті.

Оқу ісінің меңгерушісі М. Аймырзаев мөлтек аудан жетекшілерінің жұмысы қанағаттанарлық болғандықтан өз қалпында қалдырылса деген ұсыныс жасалды және ұсыныс бір ауыздан қолдау тапты.

- № 1 Г. Абишова, С. Байжұманова
№ 2 А. Ускенбаева, М. Мыңбаева
№ 3 Р. Омарова, Н. Сейдалиева
№ 4 Б. Нұрлыханов, Г. Бейсекова
№ 5 Ұ. Жолаева, М. Тасбалта

- № 6 Ш. Жорабек, Қ. Қалтан
№ 7 С. Досымбетов, А. Жәбіш
№ 8 Алишов Даурен, Б. Аманкүл
№ 9 А. Сансызбаева, Н. Уристекова
№ 10 О. Үсіпбек, А. Абдыева

Ұсыныс дауысқа салынып қолданды.

Мектеп директоры Ж. Ажитаев қорғаншылық және қамқоршылық кеңесін бекіту туралы төмендегідей құрамда кеңес мүшелерін айтты.

1. Ташенов Талас- Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
2. Темирбаева Бибигул-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ,мүшесі
3. Ошанова Айтханым-мектептің педогог психологы, мүшесі
4. Досымбетов Сапар- мектептегі кәсіподақ комитетінің төрағасы, мүшесі
5. Сансызбаева Айгерім- мектептің әлеуметтік педагогы, мүшесі
6. Шақшанбаева Шұғыла – бастауыш бірлестік жетекшісі, мүшесі
7. Ускенбаева Ақбота-ата-аналар комитеті ұсынған ата-ана , мүшесі
8. Зияметова Нышанкүл- мектеп медбикесі, мүшесі
9. Ажитаев Өмірбек- шаруашылық меңгерушісі, мүшесі
10. Сансызбаева Айгерім – хатшысы

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Темирбаева төмендегіше мәлімдеме жасады. Ұлдар ұйымының жетекшілері О.Үсіпбек пен Е.Махан қыздар ұйымының жетекшілері Г.Абишова мен А.Жәбіш тағайындалғанын айтып өтті. Ұлдар мен қыздар ұйымының жұмыс жоспары түзіліп,бекітілгенін хабарлады.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

- 1..Ұжымдық еңбек шарты бекітілсін.
 - 2 . 2022-2023 оқу жылындағы педагогикалық кеңес құрамын төмендегідей бекітілсін.
- Мектеп кәсіподақ ұйымының төрағасы С. Досымбетов
Ұйымдастырушы педагог А. Жорабеков
Мектеп мұғалімі Н. Сейдалиева
Мектеп мұғалімі Г. Бейсекова
- Педагогикалық кеңестің және мектеп директоры жанындағы кеңестің хатшысы мектептің іс басқарушысы Исмайл Айдана бекітілсін .
- 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары бекітілсін.Оқу жұмыс жоспары педагогикалық кеңес шешімі негізінде бекітілсін
- Өткен оқу жылына талдауы қанағаттанарлық деп табылсын және алдағы оқу жылына міндеттердің орындалуы толық бақылауға алынсын.

2022-2023 оқу жылында төмендегі мұғалімдер сынып жетекшілер болып бекітілсін.

- МАД Байжұманова Салия
1-сынып Баратовам Салиха
2-сынып Шақшанбаева Шұғыла
3- сынып Мынбаева Маржан
4- сынып Садыкова Гулжамил
5-сынып Бейсекова Гулжамил
6- сынып Омарова Рая
7- сынып Үсіпбек Ордабек
8- сынып Абишова Гулжан
9- сынып Сейдалиева Нурилла
10-сынып Алишов Даурен
11- сынып Нұрлыханов Бақыт

2022-2023 оқу жылындағы мектептің аттестаттау комиссиясының құрамын төмендегі құрамда бекітілсін. Пән кабинеттерінің безендірілуі мен олардағы заттарды дұрыс сақталу жауапкершілігі төмендегі мұғалімдерге жүктелсін.

К/с	Пән кабинеттерінің атауы	Кабинет меңгерушісі
1	Бастауыш 2-сынып	Шақшанбаева Шұғыла
2	Оқырмандар залы , Кітапхана	Өмірбай Әзиза
3	Қазақ тілі	Қосымова Айнур
4	Тарих	Досымбетов Сапар
5	Математика	Серікбаева Зульфия
6	Информатика	Абдыева Айгерім
7	АӘД	Қанаев Өмірбек
8	Орыс тілі	Мамытова Эльмира

9	Физика	Бейсекова Гулжамила
10	Бастауыш 4-сынып	Садыкова Гулжамила
11	Бастауыш 3-сынып	Мыңбаева Маржан
12	Бастауыш 1-сынып	Баратова Салиха
13	МАД сынып	Байжұманова Салия
14	Спорт зал	Рахман Жанғали
15	Ағылшын тілі	Сейдалиева Нурила
16	Технология кабинет /Ұлдар/	Аймырзаев Маханбет
17	Технология кабинет/Қыздар/	Омарова Рая
18	Биология кабинет	Жолаева Улбала
19	Информатика	Аманкүл Бейбіт
20	Ас пісіру кабинет	Абишова Гулжан

Мектептің әдістемелік бірлестік жетекшісі болып оқу ісінің меңгерушісі М. Аймырзаевты пән бірлестік жетекшілері болып төмендегі мұғалімдер бекітілсін.

- 1 Ошанова Айтқаным - гуманитарлық пән бірлестік жетекшісі
- 2 Бейсекова Гулжамила - техникалық пәндер бірлестік жетекшісі
- 3 Шақшанбаева Шұғыла - бастауыш сынып бірлестік жетекшісі
- 4 Омарова Рая - сынып жетекшілер бірлестік жетекшісі

Типтік оқу жоспары № 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін .

Оқу жүктемесі № 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін .

2022-2023 оқу жылындағы тарифтік комиссия құрамы төмендегідей құрылсын

1. Аттестаттау комиссиясының төрағасы: Аймырзаев Маханбет Ахметович

Аттестаттау комиссиясының мүшелері:

1. Досымбетов Сапар Ирыскыбайевич– аттестаттау комиссия төрағасының орынбасары
2. Исмайл Айдана Сағынтайқызы – комиссия хатшысы
3. Ошанова Айтқаным Саветовна --мүшесі;
- 4 . Бейсекова Гулжамила -- мүшесі ;
5. Шақшанбаева Шұғыла Муратовна– мүшесі;

Мектептің қорғаншылық және қамқоршылық кеңесін төмендегідей құрамда бекітілсін.

1. Ташенов Талас- Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
2. Темирбаева Бибигул-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ,мүшесі
3. Ошанова Айтханым-мектептің педогог психологы, мүшесі
- 4.Досымбетов Сапар- мектептегі кәсіподақ комитетінің төрағасы, мүшесі
5. Сансызбаева Айгерім- мектептің әлеуметтік педагогы, мүшесі
6. Шақшанбаева Шұғыла – бастауыш бірлестік жетекшісі, мүшесі
7. Ускенбаева Акбота-ата-аналар комитеті ұсынған ата-ана , мүшесі
8. Зияметова Нышанкүл- мектеп медбикесі, мүшесі
9. Ажитаев Өмірбек- шаруашылық меңгерушісі, мүшесі
10. Сансызбаева Айгерім – хатшысы

Педагогикалық кеңестің төрағасы:  Ж. Ажитаев
Хатшысы:  А.Исмайл

Қатысқаны: 30

Қатыспағаны: 0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1.1-сынып оқушыларының бейімделуі
2. 4-сынып оқушыларының жалпы білім беретін мектепте оқуға дайындығы
3. «Жаңартылған оқу бағдарламасының ерекшелігі» баяндама

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Темирбаева сөз алып 1-сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуі туралы айтып өтті. Қазіргі заманда 6 жасар балаларды мектепке оқытуға дайындау өзекті мәселерді бірі болып табылады. Алты жасар баланың мектепке келуі-балаға және ата-анасына өте жауапкершілікті кезең болып саналады. Оқу әрекетіне еш ауыртпалықсыз әрі табысты кірісіп кетуі үшін баланың дені сау және жан-жақты даярланған болуы қажет. Осыған орай оқушылардың мектепке, оқу үрдісіне тез бейімделуін бақыладым. Биылғы жаңа 2021-2022 оқу жылында 1 сыныпқа 17 оқушы келді. Оның ішінде 8 қыз бала, 9 ұл бала. Оқушыларда алғашқыда мектепке бейімделуі біраз қиындық туғызады. Өйткені таныс емес мұғалім, оқушылар және орта. Осы қиындықтың бәрін жеңіп оқушыны өзіне қызықтыра білу шебер мұғалімнің қолынан келері анық.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша оқу ісінің меңгерушісі М.Аймырзаев 4 сынып оқушыларының жалпы білім беретін мектепте оқуға дайындығы туралы айтып өтті. Бастауыш мектеп-өскелең ұрпаққа білім берудің бастамасы. Қазіргі қоғам талаптарының өзгеруіне байланысты, еліміздің көркейіп өркендеуіне байланысты жас ұрпақтың психологиясы да айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, оны өмір талабына қарай өзгерту міндеті қойылып отыр. 4-сынып оқушылары жоғары сыныпқа көшуге дайындық үстінде болатынын айтып өтті. НЕгізінен бастауыш сыныппен қоштасып, жоғары сыныпқа көшу барысында біршама қиындықтардың болатынын айта келе, әрбір білікті ұстаз өз шәкіртіне өзгерістердің болатынын алдын ала айтып, оқушыны кездесетінін қиындықтарды еш қиындықсыз еңсеріп шығатындай жағадй қалыптастыру қажет екенін ескертіп өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Р.Омарова «Жаңартылған оқу бағдарламасының ерекшелігі» тақырыбында баяндама оқыды. Бұған дейін жасалғандардың бәрін одан да жақсырақ етіп жасауға болады. Жаңартылған оқу бағдарламасының ерекшелігі мен маңыздылығы туралы айтып өтті. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы-оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірбие жасау, АКТ –ны қолдану болып табылатынына толық көз жеткіздік. Жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні, оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін шынайы өмірлік қажеттіліктеріне асыра білуі керек. Сол үшін де бұл

дарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттеледі. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер елімізде көбейе берсін.

Кенес қаулы етеді:

- 1 1-сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуіне сынып жетекші мен мұғалімдер жағдай жасап, қолдау көрсетсін.
- 2.4-сынып оқушыларының жалпы орта мектепте оқуға дайындығы бақылауда болсын.
3. Баяндама құнды деп танылсын.

Педагогикалық кеңестің төрағасы:
Хатшысы:



Ж. Ажитаев
А. Исмайл

«Тілектес» жалпы орта мектебі
Қатысқаны: 30
Қатыспағаны: 0

04 қараша 2022 жыл

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім алушылардың І тоқсан бойынша оқу – тәрбие жұмысының қорытындысы
2. 1-5-сынып оқушыларының жаңа білім беру жағдайларына бейімделуі.
3. Оқушылардың өзіндік білім алуын қалыптастыру мен дамыту бойынша мұғалімдер жұмысының формасы мен әдістері.
4. PISA, МОДО зерттеулері.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Аймырзаев сөз алып бірінші тоқсан қорытындысы бойынша оқушылардың тоқсандық көрсеткіші, үздіктер саны 21 оқушы 13,2% , озаттар саны 31 оқушы 23,8%, қанағаттанарлық бағаға 65 оқушы 50% , тек үшке оқитын 13 оқушы 10% қорытылғанын айта келе, үздіктер саны аз екендігін, алдағы тоқсандарда оқушылармен қосымша сабақтарды жандандыру керектігі ескертілді. Бірінші тоқсанда келген оқушылар саны -4 болғандығын, кеткен оқушылар саны -5 екендігін айтты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары 5 - сынып оқушыларының жаңа білім беру жағдайына бейімделуі туралы айтып өтті. Бастауышта тек бір мұғалімге ғана бір талапқа үйренген бала бірден бірнеше мұғалімнің талабына бірден жауап бере алмай қиналады. Әр пән мұғалімі әр түрлі психологиялық атмосфера туғызады, ал оқушы бірден осыған бейімделе алмайды. Бастауыш сынып бітірген оқушы орта буынға өткенде психологиялық қиындық сезінеді. Бастауыш сынып оқушылары бір мұғалімнің жұмыс істеу әдісіне оның талаптарына үйренген. 5-сыныпта оқушылардың бойында ортақ мәселелер пайда болады. Бұлар: балалардың мінезі өзгереді; тез шаршайды; көңіл-күйлері бұзылады; оқу үлгірімі төмендейді; мазасыздық, қобалжу сезімдері жиілейді. Бастауыш сыныпта мұғалім балаларға көптеген талап қояды. Егерде бұл жұмыс жоғарғы сыныптарда орындалмаса, онда оқу үлгірімі түсіп кетеді. Баланың тек тілін ғана жаттықтырып қоймай, шапшаңдығына да көп көңіл бөлу керек деп ойлаймын. Бұл әрине алдағы уақытта оқу жылдамдығына көп көңіл бөліп, жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін аянбай еңбек етуді талап етеді.

5-ші сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстарды жинақтай келе, мынадай қорытындыға келдім:

1. Психолог ата-ана, мұғалім мен бала арасын жалғастырушы дәнекер болуға тиіс. Адаптациядан 5-сынып оқушыларының сәтті өтуіне барынша жұмыстар жан-жақты болуы қажет.
2. Кім күтіп тұрғанын оқушы, кімді күтіп тұрғанын мұғалім білсе, қандай жақсы. Сонда ғана жыл басынан-ақ сыныпта тосырқау болмайды

Дөрекі сөйлеу, әдепсіз түсініктемелерден аулақ болайық. Тәрбиелік сөздер тек сынып сағаттарында ғана жүргізілмей, әр сабақ сайын айтылуы керек екендігін айтты.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тикалық бағыттағы бірлестік жетекші Г.Бейсекова сөз алып заманауи білім беру жүйесінде мұғалімнің шығармашылық жағдайда жұмыс жасап, нәтижелерге жетуі үшін педагогикалық әрекетті талдап, әр әрекеттің мәнін түсінудің маңызы зор екенін айтып өтті. Сонымен қатар қалыптан тыс шешімдерді жауапкершілікпен жеке қабылдай алуы қажет. Бұл педагогті оқу үдерісін ұйымдастыруға арналған дайын әдістерді пайдаланып қана қоймай, жеке тұлғаға бағытталған әрекетті ғылыми тұрғыда ұйымдастыра алуына жетелейді. Жаңа формация мұғалімінің бойында мәселені көре білу, ойлаудың ерекшелігі мен икемділігі, қиялындағы сипаттай білу қабілеттілігі, сыни ойлауға және өзіндік

бағалау деңгейі басым болуы керек. Осындай бірлік компоненттеріне бағытталған біліктілік арттыру жүйесіндегі әрекет мұғалімнің кәсіби дамуындағы міндеттерді шешу үшін қажет деп ойлаймын. Педагогтің кәсіби әрекетіне сыни көзқарас танытып, әр қадам мазмұны мен мақсат-міндеттеріне қарай «Білім алушыларға бағытталған әрекеттерім қаншалықты сапалы? Осы әрекеттер білім алушылардың ерекшеліктерін, қажеттіліктерін қаншалықты ескере жасалды? Нәтижесінде не алдым? Осыдан қандай ой түйілді? Алдағы тәжірибедегі қадамым қандай болмақ?» деген сұрақтар төңірегінде ойланса, сыни ойдың шыңдала түсері сөзсіз. Өзінің жоғары кәсіби әрекетін ұйымдастыру мәдениеті бағытында ойды ұштап, өздігінен жетілуге тұрақты қажеттілікті сезінсе білімін үздіксіз шыңдауда талпынысын ұштай түсері анық. Білім әлеміндегі оңтайлы өзгерістер сапалы білімге жетелейді. Тек сол өзгерістерді қабылдап, өмірге жаңаша қарауды әр педагог ұғынып қабылдауы керек. Өйткені осы оңтайлы өзгерістер білім сапасының артуына, оқушылардың саналы іс-әрекетпен дербес, белсенді жұмыс атқаруына, мұғалімдердің де жаңаша қызмет етуіне жол ашады деп ойлаймын.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша ҚББП Э.Мамытова сөз сөйледі. Бүгінгі таңда Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделу мәселері тұр. Себебі адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдауы үшін жрғары кәсіптілік пен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуі қажет екенін айтып өтті. Осыған байланысты еліміздің он бес жастағы оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтауға Қазақстан PISA 2009 халықаралық зерттеулеріне қатысқандығын айтып өтті. Біздің еліміз үшін бұл бағдарламаға қатысу қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кіруіне негізгі себеп екенін хабарлады. PISA халықаралық зерттеулері өзін-өзі дамытуды максималды түрде іске асыру, өздігінен іздену, талдау жасау, ақпараттарды дұрыс пайдалануға зор мүмкіндік беретінін айтып өтті. Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингін жүргізу бойынша ақпарат беріп өтті. МОДО жалпы 4-9 сыныптар арасында жүргізілетін хабарлады. Миссиясы: халықаралық стандарттарға сәйкес келетін білім сапасы деңгейін бағалаудың ұлттық жүйесін әзірлеу. Міндеттері функционалдық сауаттылық деңгейіне анықтау, мүдделі тараптарға кері байланыс, оқу бағдарламаларын жетілдіру екенін айтып өтті.

Кеңес қаулы етеді:

1.1-тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын

2.5-сынып оқушыларының оқу жылдамдығын жоғарылату және ортаға бейімделуге жағдай жасау пән мұғаліміне жүктелсін

3. Баяндама құнды деп танылсын.

4. Модо және PISA халықаралық зерттеулері бойынша жұмыстар жандандырылсын.

Педагогикалық кеңестің төрағасы:
Хатшысы:



Ж. Ажитаев
А. Исмайл

«Тілектес» жалпы орта мектебі

Қатысқаны: 33

Қатыспағаны: 2

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Өзін-өзі тәрбиелеу-мұғалімнің білім сапасын арттырудағы кәсіби шеберлігін арттырудың бір түрі.
2. Интернет ресурстарды пайдалану арқылы кәсіби педагогикалық АКТ құзіреттілігі
3. II тоқсан қорытындысы және BILIM LAND цифрлық білім беру жүйесі

Т ы ң д а л ы:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Темирбаева сөз алып Өзін-өзі тәрбиелеу мұғалімнің білім сапасын арттырудағы кәсіби шеберлігін арттырудың бір түрі тақырыбында баяндама оқыды.

«Мұғалім-өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатқанда оның білімділігі жойылады.» К.Д. Ушинскийді сөз басшылыққа алып, бүгінгі таңда мұғалімге қойылған талап пен сенімнің жүгі ауыр екенін айтып өтті.

Жас ұрпақты шыңдап өсіру, білікті азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ету – бүгінгі ұстаз алдына қойылып отырған басты міндет.

Жаңа ұрпақтың болашақ азаматтық бағдары, олардың патриотизмі, туған жерге етенеілігі көп ретте сіздерге байланысты. Оларды зиянды әдеттерден, есірткіден сақтап, бойларында салауатты өмір салтын орнықтыруға сіздердің күш - қуаттарыңыз жетеді.

Кәсіби білімді мұғалім қоғам талаптарына сәйкес болу үшін өзінің білімін жетілдіріп, мінез-құлқын тәрбиелей, шығармашылық даму шараларын жүзеге асыра білуі қажет. Нағыз мұғалім өзін –өзі дамытып отыратын тұлға. Мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеу жолдары өте көп. Соның ішінде өзін-өзі ақпаратпен қамтамасыз ету, өзін-өзі талпындыру т.б түрлері өте көп.

Кәсіби шебер мұғалімнің бойында мынандай қасиеттер болуы тиіс: сергектік, сезімталдық, сенімділік, байсалдылық, ұстамдылық, төзім, сабыр сақтау. Осы қасиеттерді бойына жинаған әрбір ұстаз елдің ертені болар нағыз азаматтарды тәрбиелей алады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша информатика пәнінің мұғалімі Б. Аманкүл сөз алып Интернет-ресурстарды пайдаланудағы АКТ құзіреттілігі туралы баяндама оқыды. Қазіргі таңда кез келген сабақта АКТ қолданып өтуге толық жағдай жасалғанын айта келе, жаңа технологияларды пайдаланып өткен әрбір сабақ оқушыға қызықты әрі түсінікті болатынын айтып өтті. Интернет жүйесінің дамыған заманында сабаққа байланысты барлық материалдарды тауып, оқушының түсінуіне ыңғайлы етіп жасап, сабақты түрлі дамытатын материалдар арқылы өтетіні жөнінде айтып өтті. Кез келген жастағы адамның өмірі ақпараттық технологиялармен тығыз байланысты. Ақпараттық технологияларды білім беру саласында қолданудың боданағы зор.

Қазіргі заманғы мұғалімнің біліктілігінің негізгі элементтерінің бірі-АКТ құзіреттілігі. Жыл сайын кез келген пәнді оқыту деңгейі жоғарылайды. АКТ-ны енгізудің арқасында білім беру процесінің өзі тиімді бола бастайды. Мұғалім АКТ –ны қолдана білуінің арқасында –оқушылардың сабақты игеруге деген қызығушылығын арттыруға болады. Заманауи мұғалім барлық негізгі компьютерлік бағдарламаларды сенімді түрде, интернеттің мүмкіндіктерін еркін пайдалана алса білімді, білікті, саналы шәкірттерді тәрбиелеп шығатыны анық.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М. Аймырзаев сөз алып екінші тоқсан қорытындысы бойынша оқушылардың тоқсандық көрсеткіші, үздіктер саны 17 оқушы 12,9% , озықтар саны 39 оқушы 29,7%, қанағаттанарлық бағаға 56 оқушы 42,7% , тек үшке оқитын 18 оқушы 13,7% қорытылғанын айта келе, үздіктер саны аз екендігін, алдағы тоқсандарда оқушылармен қосымша сабақтарды жандандыру керектігі ескертілді. Екінші тоқсанда келген оқушылар саны -1 болғандығын, кеткен оқушылар саны- 1 екендігін айтты. II тоқсаннан бастап жаңа форматтағы BILIM LAND цифрлық білім беру жүйесіне жұмыстар жүргізіліп жатқандығын айта келе, мұғалімдерге екі есе жауапкершіліктің жүктелгендігін айтып өтті. BILIM LAND цифрлық білім беру жүйесі жауапкершілік пен

қоса тиянақтылықты талап ететін айта келе, ұжым мүшелерінің бұл жүйені толықтай меңгере алатынына сенім білдірді.

Кеңес қаулы етеді:

1. Баяндамалар құнды деп танылсын.

2. II-тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын және BILIM LAND цифрлық білім беру жүйесі жұмыс жүргізу одан әрі жандандырылсын.

Педагогикалық кеңестің төрағасы:
Хатшысы:

Ж. Ажитаев
А. Исмайл

«Тілектес» жалпы орта мектебі
Қатысқаны: 35
Қатыспағаны: 2

20 наурыз 2023 жыл

Күн тәртібіндегі:

1. Баяндама Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік бейімделу мен оқушылардың жетістіктері бойынша мектеп жұмысының формалары.
2. Деңгейлік бағдарламаны игерген мұғалімдердің оқушыларды оқытудағы табыстылығы
3. III тоқсан бойынша оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Ж.Ажитаев сөз алып, білім берудің тиімділігі мен маңыздылығын арттыруда мектеп ұжымы мен оқушылардың бірлесе белсенді жұмыс жүргізу қажет екендігін айтып өтті. Сондықтан білім алушылардың оқу жетістігі деңгейін бағалау жүйесінің қаншалықты сапалы болуы білім беру деңгейіне соншалықты байланысты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша М.Аймырзаев сөз алып, деңгейлік бағдарламаны игерген мұғалімдердің оқушыларды оқытудағы табыстылығы және оқушылардың білім сапасына мониторинг жүргізу дағдылары бойынша атқарған жұмыстары жайлы мәлімет беріп өтті. Деңгейлік оқуды бітіргендер мұғалімдер саны 5 мұғалім, бірінші деңгей бойынша Ш.Шакшанбаева, Э.Мамытова бітіріп коучинг сабақтар өтіп мұғалімдердің шешуін таппай жүрген мәселелерін зерттеп, талдау жұмыстарын жүргізгендігін айтып өтті. А.Абдиева, А.Қосымова қалыптастырушы бағалау оқушылардың білім сапасын көтеруге деген мүмкіндік беретінін хабарлап өтті. Мұғалімдер арасында педагог-модератор саны -4, педагог-зерттеушінің саны - 12 педагог-сарапшы саны -8 айта келе әлі де мұғалімдеріміз білімдерін одан әрі жетілдіретініне сенім білдірді. Оқушылардың жоғары жетістігі мен білім сапасының биік деңгейде болуына мұғалімдердің тынымсыз ізденісі мен қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткізе алатынымыз туралы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша оқу ісінің меңгерушісі М.Аймырзаев хабарлама жасады: «Тілектес» жалпы орта білім беретін мектебі бойынша III тоқсанда келген оқушылар жоқ кеткен оқушылар саны-1. Сынып жетекшілердің берген мәліметі бойынша барлық сыныптарда оқушылар сабаққа қатынасып, жақсы үлгерім көрсеткен. Үлгермеуші оқушы жоқ. Жалпы оқушы саны: 168 Үздіктер саны: -18. Озаттар саны: -49 Орташа: -87 Тоқсанда үлгермеуші оқушы жоқ. Білім сапасы жөнінен төмен нәтиже көрсеткен сынып жетекшілер Д.Алишов, О.Үсіпбек, Г.Абишова, М.Мынбаева өз істеріне жауапкершілікпен қарауға, білім сапасын одан әрі жоғарлатуға ұмтылулары қажет екенін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Оқылған баяндама құнды деп табылсын
2. Деңгейлік бағдарламаны оқыған мұғалімдер жұмысын одан әрі жандандырсын.
3. III тоқсан бойынша оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын

Педагогикалық кеңестің төрағасы:
Хатшысы:



Ж. Ажитаев
А. Исмайл

«Тілектес» жалпы орта мектебі
Қатысқаны: 35
Қатыспағаны:

Күн тәртібіндегі

- 1.Түлектердің мемлекеттік қорытынды аттестациясына дайындық және өткізу.
2. 1,8,10 сынып оқушыларын сыныптан- сыныпқа көшіру туралы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша 9-сынып жетекшісі Н.Сейдалиева сөз алып оқушылардың қорытынды емтиханға дайындығы туралы айтып өтті. 9-сыныпта 14 оқушы бар барлығыда қорытынды бітіру емтиханына қатысатындығын хабарлады. Оқушылардың бітіру емтихандарына қажетті құжаттары толығымен дайын екен айтып өтті. 2 оқушының ерекше үлгідегі аттестатқа ұсынылғандығы жөнінде хабарлады. 9 сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандарына дайындығы жақсы деңгейде екенін айтып өтті. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша 11 сынып жетекшісі Б.Нурлыханов сөз алып мемлекеттік бітіру емтихандарына оқушылардың дайындығы туралы баяндап өтті. 11 сыныпта жалпы саны 9 оқушы бар. Барлығыда мемлекеттік бітіру емтихандарына қатысатындығын хабарлады. ерекше үлгідегі аттестатқа ұсынылған 1 оқушы барт екенін айтып өтті. Қорытынды бітіру емтихандарына қажетті құжаттары дұрыс әрі дайын екендігін баяндады. 11 сынып білім алушылары қорытынды бітіру емтихандарынан жақсы нәтиже көрсететініне сенім білдірді.

Мектеп медбикесі Н.Зияметова сөз алып 9-11 сынып оқушыларының денсаулығы туралы айтып өтті. Қорытынды емтихан тапсырушы оқушылардың денсаулығында ешқандай сырқаты жоқ екенін айта келе,арнайы тізімде тұратын оқушылар жоқ екенін баяндады.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Аймырзаев сөз алып Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 24.04.2023 жылғы №136 санды хатымен таныстырып өтті. Қорытынды аттестаттау өткізудің мерзімдерін айтып өтті. 9 сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары 02 маусым мен 13 маусым аралығында өтетін хабарлады. 11 сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары 05 маусым мен 19 маусым аралығында болатынын айтып өтті. 9 сынып оқушылары үшін жазбаша жұмыс эссе жазу 02 маусым ,математика пәнінен жазбаша емтихан 06 маусым ,орыс тілі мен әдебиет бойынша емтихан 09 маусым , таңдау пәндері бойынша 13 маусым аралығында өтетінін айтты.

11 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан 08 маусым , эссе нысанында жазбаша емтихан 05 маусым ,қазақстан тарихынан ауызша емтихан 12 маусым, орыс тілі мен әдебиет бойынша емтихан 05 маусым, таңдау пәндері бойынша 19 маусым аралығында өтетінін айтты. Бітіруші түлектер емтиханды жоғары деңгейде тапсыратынына сенім білдірді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасар М.Аймырзаев сөз алып оқушылардың сыныптан –сыныпқа көшуі туралы айтып өтті. 1,8,10 сынып оқушылары үшін сыныптан-сыныпқа көшіру емтихансыз БЖБ ,ТЖБ бағаларына қарай өткізілетіндігі туралы айтып өтті. Оқушылар БЖБ,ТЖБ –ға жақсы дайындықпен келгенде жоғары нәтижеге жетуге болатыны туралы да айтып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 9-11 сынып оқушыларының емтиханға дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын және жауапты мамандар өз жұмыстарын жалғастырсын.
2. 1,8,10 сынып оқушыларын келесі сыныпқа көшіру педагогикалық кеңестің қаулысымен бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрағасы:

Хатшысы:



Ж. Ажитаев

А. Исмайл

Педагогикалық кеңестің
Хаттамасы №8

«Тілектес» жалпы орта
білім беретін мектебі

01 маусым 2023 жыл

Қатысқаны:
Қатыспағаны:

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.2022-2023 оқу жылын аяқтау, оқушыларды сыныптан-сыныпқа көшіру, аралық аттестаттаудан өткізу және үздік оқушыларды мақтау қағаздарымен марапаттау туралы.

2.9 және 11 сынып оқушыларына негізгі орта білім және жалпы орта білім туралы аттестат беру туралы.

3. Оқушыларының қорытынды бағаларының жинақ ведомосын тексеру туралы.

Т Ы Ң Д А Л Д Ы:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған мектеп директоры Ж.Ажитаев 2022-2023 оқу жылын аяқтау туралы аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 13.05.2021 жылғы №130 бұйрығымен таныстырып өтті. Биылғы оқу жылының ерекшелігі 31 мамырға дейін оқу жалғасатынын айтып өтті.

Оқу жылын аяқтау және бітіруші сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау төмендегі тәртіппен бекітіледі:

Мектепалды дайындық сыныбы, 1-11 сыныптардағы оқу сабақтары 2023 жылдың 31 мамырында аяқталатынын айтып өтті. Жыл бойы үздік нәтиже көрсеткен оқушылардың мақтау қағазымен марапатталатынын айтты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған М.Аймырзаев 9 және 11 сынып оқушыларына орта білім туралы аттестат беру санитарлық шараларды қатаң сақтай отырып, 28 мамыр мен 10 маусым аралығында болатынын айтып өтті. Қорытынды аттестаттау бойынша пән мұғалімдері арнайы кесте бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу керек екенін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Аймырзаев сөз алды. Оқушылардың қорытынды бағаларының жинақ ведомосындағы бағалардың дұрыс әрі қатесіз түсу керектігін ескертіп өтті. Сынып жетекшілер жинақ ведомосына түскен бағалардың дұрыстығын тексеріп отыруын айтып өтті.

Кеңес қаулы етеді:

1. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын, сыныптан сыныпқа көшіру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

2. 9-11 сынып оқушылардың негізгі орта білім және жалпы орта білім туралы аттестат беру жұмыстары өз деңгейінде атқарылсын..

3. Оқушылардың жинақ ведомосындағы бағалары дұрыс әрі қатесіз енгізілуіне жауапты болып сынып жетекшілері бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:
Хатшысы:



Ж.Ажитаев
А.Исмайл

Педагогикалық кеңестің кезектен тыс
Хаттамасы № 1

«Тілектес» жалпы орта мектебі
Қатысқаны: 33
Қатыспағаны: 2

11 қаңтар 2023 жыл

Күн тәртібіндегі:

1. Қолайсыз ауа райына байланысты мектептің жұмыс жүйесіне өзгерістер енгізу жайлы.
2. Түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Ж.Ажитаев сөз алып, қолайсыз ауа райына байланысты туындаған мәселерді шешу жөніндегі аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 10.01.2023 жылғы № 02 бұйрығымен таныстырып өтті. Бұйрықта көрсетілген мәселелер бойынша айта келе мектеп ұжымының пікірі мен ұсыныстарын сұрап өтті. Бастауыш сынып бірлестік жетекшісі Ш.Шақшанбаева ата-аналардың өтінішіне сәйкес МАД тобы мен 1-4 сынып оқушыларының онлайн режимде оқытылуы туралы ұсыныс білдірді. 4-сынып жетекшісі Г.Садыкова оқушылардың мектепке келуіне мүмкіндіктері толық бар екенін айта келе офлайн режимде оқытынын айтып өтті. Ұжым мүшелері кеңесе келе сабақ ұзақтығы 35 минут болып белгіленді. Ауа райының суытуына байланысты онлайн оқуға өтініш берген ата-аналардың өтініштері жинақталатынын айтып өтті. Мектеп директоры Ж.Ажитаев ауа райының қолайсыздығына байланысты оқушылардың киім үлгісіне біршама өзгеріс енгізуге (классикалық шалбар т.б) болатынын және мұғалімдер толық жұмыста болуы қажет екенін, штаттық қызметкерлерге ауа райына байланысты кезекшілік құрылатынын айтып өтті. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Аймырзаев сөз алып сынып жетекшілер ата-аналармен әлеуметтік желілерде тығыз байланыста болу керектігін айта келе, оқушылардың сабақтан шыққан соң үйіне жеткенге дейін ата-анамен хабарласып, білу отыру қажет екенін айтты. Пән мұғалімдері жеңілдетілген сабақ жоспарын құру яғни 35 минутқа негізделген сабақ жоспарын құру қажет екенін хабарлады. Ұжым мүшелері кеңесе келе МАД тобы мен 1-3 сынып оқушыларының онлайн режимге көшуіне және 4-11 сынып оқушыларының қысқартылған сабақ кестесімен оқуына бірауыздан келісіп, ұсынысты қабылдады.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Қолайсыз ауа райына байланысты ата-аналардың өтініштерін ескере келе МАД тобы мен 1-3 сынып оқушылары онлайн режимде, 4-11 сынып оқушылары қысқартылған сабақ кестесімен оқытылсын. Штаттық қызметкерлерге кезекшілік құрылсын және кезекшіліктің өз деңгейіне өтуіне жауапты болып АӘД жетекшісі А.Қанаев бекітілсін. Жеңілдетілген сабақ жоспары құрылсын, сынып жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыста болсын. Сабақ ұзақтығы 35 минут болып бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрағасы:
Хатшысы:



Ж. Ажитаев
А. Исмайл

«Тілектес» жалпы орта мектебі
Қатысқаны: 33
Қатыспағаны: 2

16 қаңтар 2023 жыл

Күн тәртібіндегі:

1. Ауа райының суытуына байланысты мектептегі сабақтарды онлайн режимде жалғастыру жайлы.
2. Түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Ж.Ажитаев сөз алып, ауа райына суытуына байланысты туындаған мәселелер жөнінде айтып өтті. Тұрғылықты жеріміз таулы аймаққа жататындықтан күннің суытуы мектептің жұмыс жүйесіне әсер етіп жатқандығын айта келе, оқушылардың онлайн режимде оқуды жалғастыруы жайлы сынып жетекшілерден сұрап өтті. Сөз алған МАД тобы жетекшісі С.Байжұманова сыныбындағы 8 оқушының ата-анасы ұл-қыздарының онлайн режимде оқуды жалғастыруы туралы өтініштерін білдіргендігі туралы хабарлап өтті. 1-3 сынып оқушыларының сынып жетекшілері күннің суық болуына байланысты онлайн режимде оқуды жалғастыру туралы ата-аналардың өтініш жеткізді. Бастауыш сынып бірлестік жетекшісі Ш.Шақшанбаева ата-аналардың өтініштерін айта келе, күн жылынғанға дейін МАД тобы және 1-3 сынып оқушыларының оқуды онлайн режимде жалғастыруы жайлы ұсыныс білдірді. 4-сынып жетекшісі Г.Садыкова оқушылардың мектепке келуіне мүмкіндіктері толық бар екенін айта келе офлайн режимде оқуды жалғастыра алатындығын айтып өтті. Айтылған мәселерді тыңдай келе сөз алған мектеп медбикесі Н.Зияметова суық күндері жылы киініп, сақтық шараларын сақтауды ұмытпау қажеттігін айтып өтті. Ауа райының суық болуына байланысты көшеде, мектеп ауласында жүргенде асықпай жүруге және тыйым салынған белгі қойылған жерге оқушылардың жақындамауы жайлы сынып жетекшілер үнемі оқушыларға айтып, ескертіп отыруы жайлы хабарлап өтті. Суық күндері жайсыз жағдайдың алдын – алу жайлы яғни мұзға құлау, бір-бірімен қар атысып ойнау секілді дүниелерге өте абай болу керек екенін және бұл жағдайлар адам өміріне өте қауіпті екенін ескертіп өтті. Ұжым мүшелері кеңесе келе ауа райы жылынғанға дейін онлайн режимде оқуды жалғастыру жайлы ұсынысты бірауыздан қолдап қуаттады және сабақ ұзақтығы 35 минут болып белгіленді. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Аймырзаев сөз алып оқушылар сабақтан шыққан соң сынып жетекшілер үйіне жеткенге дейін ата-анамен хабарласып, білу отыру қажет екенін айтты. Пән мұғалімдері жеңілдетілген сабақ жоспарын құру яғни 35 минутқа негізделген сабақ жоспарын құру қажет екенін хабарлады.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Ауа райының суық болуына байланысты ата-аналардың өтініштерін ескере келе МАД тобы мен 1-3 сынып оқушылары онлайн режимде оқуды жалғастырсын, 4-11 сынып оқушылары қысқартылған сабақ кестесімен оқытылсын. Сынып жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыста болсын.

Педагогикалық кеңестің төрағасы:
Хатшысы:



Ж. Ажитаев
А. Исмайл